


«Гүлдәурен-7» бөбекжай-бақшасы



Тренинг  
Тақырыбы: «Кел танысайык»



Педагог-психолог: Г.Усенова

2024 ж

**Тақырыбы:** «Кел танысайық!» танысуға арналған психологиялық тренинг.

**Мақсаты:** балалардың бір-бірлерімен танысуға, достасуға, бір-бірлерімен достық қарым-қатынас орнатуға арналған.

### **1-ойын: «Танысу».**

Барлығымыз шенбер жасап отырайық. Қазір шенбер бойымен кезекпен жүргізушінің оң жағында отырған қатысушыдан бастап, топқа таныстырамыз. «1-2 сөйлем арқылы сыныбының атын, өзінің мінезін айту керек. Осы сөздерден кейін психолог өзін таныстырып, әңгімелейді. Психологтан кейін әр бір адам айналым бойынша өзін өзі таныстырады. Танысу біткен соң таныстырудың қалай өткені туралы пікірталас жүргізіледі. Психолог топқа мынадай сұрақ қояды: кімнің таныстыруы сіздің есінізде қалды және оның сізге несімен үнады».

### **2-ойын: «Карусель».**

Топ мүшелері екіге бөлінеді. 1-ші топ ішкі, 2-ші топ сыртқы болып бөлініп, екі шенбер жасайды. Жетекшінің берген белгісі бойынша олар тоқтайды да екеуден ішкі топпен сыртқы топ бір біріне қарсы тұрған адамдар бірігеді. Әрбір топқа кезекпе кезек жетекші белгілі бір рөл беруі керек, олар тез арада сол рөлді 2-3 минутта көрсетуі керек. Мысалы: сатушы-сатып алушы; мұғалім-окушы, дәрігер қаралушы, полиция – жүргізуші; әкесі – баласы; анасы – қызы. Бұл ойын әрбір адамның өзінің мінезін, көніл-куйін, қабілетін өзгерте білуіне, осы арқылы өзгелермен еркін араласу қабілетінің дамуына көмектеседі.

### **3-ойын: «Бұлінген телефон»**

Есту кабілетін дамытуға арналған бұл ойында мұғалім бір баланың құлағына бір сөзді сыйырлайды, ол келесі балаға соны қайталайды, солай жалғаса беріп, барллық балаларға жеткізіледі. Ең соңғы окушы пікір сөзді естіртіп, дауыстап айтады: «Мен әрқашан шындықты айтамын».

### **4-ойын: «Көніл-күйімізді жаттықтыру».**

Жүргізуши: Бұгін мен сендерді актер болуға үйретемін. Мен сендерге нени көрсетіндер десем, соны бет-әлпеттерімен бейнелейсіндер.

1. Қабағы түйілген, ашулы адамның кейпі.
2. Қасқырдан қорыққан қоянның, ұядан түсіп қалған балапанның, мысықтан қорыққан тышқанның, иттен қорыққан баланың бет-әлпеті.
3. Жылап тұрған адамды көрсету.
4. Жай күліп тұрған адамды және қатты күліп тұрған адамды көрсету.
5. Өлең айтып тұрған адамның сезімін көрсете білу.

### **5-ойын: «Ауызша волейбол».**

Допты бір-біріне берген кезде балалар адамгершілік қасиеттер туралы айтулары керек. Мысалы: шыншылдық, мейірімділік, адамгершілік, әділдік, кішіпейілдік, батылдық, ұстамдылық, жанашырлық.

**Қорытынды:** окушылар бұгінгі өткізілген тренингтен алған әсерлерін айтып, бір-бірлеріне келесі күнге тілектерін айтады.

## **Хаттама**

**Қатысушылар:** 4

**Күні:** 12.09.2024ж

**Қатысқандар:** 4

**Қатыспағандар:** 4

**Тақырыбы:** «Кел танысайық!»

**Мақсаты:** Баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату. Ата-аналардың тәрбиешілерімен, балабақшамен тығыз байланысын арттыру, балалармен бірге мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету, бала тәрбиелеу сапасының аз да болса жоғарлауына ықпал ету.

### **Тренинг барысы:**

1. Тренингке қатысушылармен «Сөйлемді жалғастыр» жаттығуы арқылы сәлемдесу.
2. «Тентек шар»-жаттығуын орындау. Ата - аналар тығыз шеңбер құрып, шарды ауада көбірек уақыт бойы қалқытып ұстаулары қажет. Түрлі әдістерді қолдануға болады – ұрлеу, баспен тигізу, аяқпен тебу, бірақ ең бастысы – қолмен тигізбеу.
3. «Жер жаңғағы» жаттығуы. Қатысушылардың алдына жер жаңғақтары шашылады. Әр қатысушы бір жаңғақ алулары керек. Жаңғақтарды зерттеуге 1 минут уақыт беріледі. Әркім өз жаңғағының пішініне, көлеміне, суретеріне, сзықтарына көніл аударып, оны есте сақтау қажет.
4. Тренингті қорытындылап, қалаулары бойынша өз пікірлерін айту.

### **Қорытындысы:**

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен және балалармен педагог-психолог Усенова Гулназ Маратовна "Кел танысайық" тренингін өткізді. Ата-аналар бір-бірімен танысты. Бір-бірлеріне жақсы тіліктерін білдірді. Балалармен бірге ойнап, көніл күйлерін көтерді.